

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

Ұлытау облысы білім басқармасының

Ұлытау ауданы білім бөлімінің

«№8 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің өзін – өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы

**Ұлытау ауданы білім бөлімінің «№8 жалпы білім беретін мектебі» КММ
2024 – 2025 оқу жылындағы оқу –тәрбие бойынша жүргізілген
жұмыстарға өзін-өзі бағалау қорытындысы**

Мектепшілік бақылау оқу жылы ағымында «№8 ЖББМ» КММ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы негізінде жүргізілді және оқу-тәрбие үрдісінің сапасын арттыруға бағытталған.

Мақсаты: білім алушылардың даму динамикасына мониторинг жүргізудің, әр оқушының тұлғалық ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, білім алу мүмкіндіктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жетілдіру.

Міндеттері:

- білім беру процесіне қатысушылардың заңды құқығы мен мүддесін толық іске асыруға мүмкіндік беретін ашық білім беру ортасын құру;
- білім алушылардың функционалдық сауаттылығының барлық түрін дамытудың елеулі нәтижесін беретін жаңартылған бағдарлама бойынша пәндерді оқытудың тиімді тәсілдерін айқындау және жалпылау;
- мектептің әлеуметтік орта өкілдерін білім беру процесіне белсенді тартудың негізінде бақылаудың жаңа, заманауи нысандарын енгізу.

Мектеп келесі бағыттар бойынша оқу қызметінің мониторингы жүзеге асырылады:

- ✓ Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау;
- ✓ Оқу процесінің сапасын бақылау;
- ✓ Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау;
- ✓ Оқу-зерттеу қызметі
- ✓ Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау;
- ✓ Тәрбие процесінің, өткізілген іс –шаралардың сапасын бақылау;

2024-2025 оқу жылындағы мектепшілік бақылау бойынша атқарылған жұмыстар мектепшілік бақылау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша әкімшілік пен пәндік бірлестіктер өзара іс-ірекеттерін одан әрі жалғастыру, өзара бақылау мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану арқылы ең басты мәселеміз - білім сапасын көтеру болды.

1. Білім сапасының төмендеу себептерін елемей қауіп.
2. Оқыту үрдісіндегі педагогикалық технологияның жүйесіз қолдану қауіп.
3. Оқу пәнінің терминологиясын түсінбеу қауіп.
4. Оқу үлгерімін бақылау талаптарының бұзылу қауіп.

Мынандай шешу жолдарын қарастырдық:

- олқылықтармен жұмыс;
- сабақты зерттеу;

- іс-әрекетті зерттеу;

2024-2025 оқу жылында білім сапасын көтеруде басты жұмыстарды оқушылармен жүргіздік: ұялы телефондарын жинап алдық, әкімшілік бақылау жүргізілді, ТЖБ жұмыстарын бақылауда ұстадық. 2024-2025 оқу жылында педогтермен жұмыс жасауды көздедік. Осылайша мектеп активтерінен:

1. Шығармашылық топ
2. Зерттеушілер тобы
3. Кәсіби шеберлер тобы деп үш топ құрылды.

Шығармашылық топ

Семинарлар, конференциялар, вебинарлар, коучингтер ұйымдастырып, тәжірибесімен бөлісті.

Зерттеушілер тобы

Лессон стади бойынша зерттеулер жүргізіп талдау жасады, шеберлік сағаты, диалогтік алаңдар ұйымдастырды.

Кәсіби шеберлер тобы (ұлағатты ұстаздардан құрылды)

Әдістемелік көмек, озық педагогикалық тәжірибе тарату бойынша көмек, жариялау жасау бойынша көмек көрсетіп, оқыту семинарларын жүргізді.

Осылайша, жұмысымызды 4 кезеңге бөліп алдық: диагностикалық жұмыс, жоспарлау кезеңі, жүзеге асыру кезеңі, мониторинг жүргізу кезеңі. Жұмыс қорытындысы МІБ жоспарлауы бойынша 6 бағытында қарастырылып, талдауы айқындалды.

І. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау;

2024-2025 оқу жылының оқу-жұмыс жоспарын тамыз айында мектепалды даярлық сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына және «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізінде білім берудің үлгілік оқу жоспарлары бекітілді.

Тамыз айында күнтізбелік-тақырыптық жоспар (бұдан әрі КТЖ) мазмұнының үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкестігі бақылауда болды. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы негізінде КТЖ- да үлгілік оқу бағдарламасы талаптарының сақталуы қамтамсыз етілді.

КТЖ-ның оқу пәндері бойынша жұмыс бағдарламаларына, жеке оқу бағдарламаларына сәйкестігі қаралып, 1 – сыныпқа құжаттарды қабылдау 2025 жылдан бастап құжаттарды қабылдау мерзімі күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін ұзартылды. Бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бірінші сыныбына қабылданатын балалардың ата-аналарынан немесе өзге де заңды өкілдерінен құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 сәуірінен бастап 31 тамызына дейін жүзеге асырылады. 10 сынып оқушылары 1 маусымның 31 тамызына дейін мектепке қабылдау құжаттарын өткізе алады.

Білім алушылардың жеке іс-қағаздарының жағдайы бақылауда болды.

бұйрық негізінде жаңадан топтастырылғандықтан жаңадан құжаттары жинақталып, екі жақты келісім-шарт жасалды. Білім алушылардың есепке алу кітабын, алфавит кітабын толық әрі уақытыл жүргізілді.

2024-2025 оқу жылында электрондық журнал bilimclass.kz порталында жүргізілді. Мұғалімдердің ағымдағы бағалауды жүргізуде, журналды тоқсан сайын жабуда, сабақ кестесіне өзгеріс жасағанда пән мұғалімдерінің КТЖ жойылып кетуі жұмысқа кедергісін тигізді. Онлайн жиналыстар жүргізілу барысында айтылған ұсыныстарымыз ескеріліп, өзгерістер болды. Оқу жыл аяғында журнал жүктеу кезінде мазмұны, сабақ кестесі, қорытынды бағаның кестесі, денсаулық парағы болмады. bilimclass.kz электронды журналының жақсы жақтары да болды: мұғалімдердің сабақтарын өткізу статистикасы, бір қызметті аяқтамай, келесі қызмет бастай алмайтыны тиімді болды. Бұл кезде, қателіктер азайды. Әр мұғалім өз кабинеттерінде бақылау тақтасы арқылы уақытылы бағалауды жүргізді. bilimclass.kz электронды интерактивті сабақтары өте тиімді жақсы жақтары көп.

Мектеп оқушылары мемлекет есебінен жаңа оқу жылына арналған оқулықпен қамтамасыз етіледі. Оқулықтарға алдын- ала тапсырыс беріліп тамыз айынан бастап тасымалдау жұмыстары жүргізіледі. Жоспар бойынша ай соңына дейін кітаптар жеткізіліп, қыркүйек айында мектеп оқулықтармен толық қамтамасыз етіледі.

2024- 2025 оқу жылында келіп түскен оқулықтар, дәптерлер, әдістемеліктер

№	Атауы	Саны
1	Оқулық	148
2	Көркем әдебиет	193
3	Дәптер	25
4	Электрондық оқулықтар	19
	Барлығы	2039

Оқулықтармен қамтамасыз ету

Оқу жылы	Оқушылар саны	Қамтылды %
2024-2025	27	100%

Көркем әдебиеттің балалар үшін қолжетімді болуы үшін министірлік арнайы жоба әзірледі. Жоба аясында білім беру ұйымдарына қарасты кітапханалардың материалдық-техникалық және ақпараттық базасын жақсарту, балаларға арналған көркем әдебиетті жыл сайын сатып алуды жүзеге асыруда. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 2025 жыл аралығында мектеп қорына келіп түскен көркем әдебиет саны 109 дана.

Көркем әдебиетті есепке алу және құжаттау

Кітапханадағы барлық әдебиет мүлік кітабында есепке алынған. Барлық кітаптар нөмірленген, жіппен қайымдалған, мөр басылған, мектеп басшысының, кітапхана меңгерушісінің қолы қойылған.

Кітапхана көрсеткіштері

Оқырмандармен жұмыс – кітапхана жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Кітапхана қызметі «Кітапхананы пайдалану ережелеріне» сәйкес жүзеге асырылады. Оқырмандар қабылдайды. Көркем, ғылыми, оқу, анықтамалық және уақытша пайдалануға басқа әдебиеттерге, библиографиялық және анықтамалық-ақпараттық қызметтерді пайдалануға көмек көрсетеді.

2024-2025 оқу жылдарында оқулықтармен қамтамасыз етуде кедергі болған жоқ.

Мектеп әкімшілігі азаматтардың білім алу құқығын жүзеге асыру бойынша атқаратын қызметінде ҚР заңнамасын, білім беру саласындағы нормативті құжаттарды басшылыққа ала отырып, азаматтардың білім алуының конституциялық құқығын сақталуын үнемі бақылауда ұстайды.

II. Оқу процесінің сапасын бақылау

Басқарушылық қызметтің негізгі міндеті әкімшілік тарапынан мемлекеттік білім беру стандарттары талаптарының орындалуына бақылау жасау болып табылады. 2024-2025 оқу жылында білім сапасын көтеруде басты жұмыстарды оқушылармен жүргіздік: ұялы телефондарын жинап алдық, кесінді сынама тесттерін алу арқылы әкімшілік бақылау жүргізілді, ТЖБ жұмыстарының кестеге сай жүргізілуін бақылауда ұстадық. Осылайша мектеп білім сапасын көтерілуіне қол жеткіздік.


Бақылау мектеп жұмысының жоспары негізінде сабақтарға қатысып, пәндік бақылау жүргізу арқылы жүзеге асырылды. Бақылау қорытындылары бойынша аналитикалық материалдар құрылды. Мектепшілік бақылау қорытындылары талданып, әкімшілік кеңестерде, директорымен өткен отырыстарда талқыланды. Қолда бар материалдар анализі оқушылардың оқу мүмкіндіктері туралы білуге мүмкіндік береді, психологтардың зерттеулері көмегімен барлық пән мұғалімдері өткізетін оқу үлгерімі төмен оқушылармен жеке түзету жұмыстарын мақсатты түрде өткізуге мүмкіндік береді.

Білім сапасын және тәрбиелік деңгейін арттыру үшін оқыту түрлері мен әдістерін қатаң түрде сақтау қажет, сондай-ақ, оқушыға қойылатын талаптар да сақталуы тиіс.

	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан	жылдық
2 сынып	83%	67%	100%	100%	100%
3 сынып	67%	67%	67%	67%	67%
4 сынып	100%	100%	100%	100%	100%
5 сынып	100%	100%	0%	0%	100%
6 сынып	100%	100%	100%	100%	100%
8 сынып	0%	33%	33%	33%	33%
9 сынып	75%	75%	75%	50%	75%
10 сынып	50%	50%	50%	50%	50%
10 сынып	100%	100%	100%	100%	100%

Жалпы	75%	72%	75%	71%	79%
-------	-----	-----	-----	-----	-----

75



- Білім сапасын арттыруда пәндік бақылау назардан тыс қалмады. МІБ жоспары бойынша пәндік бақылау уақытылы жүргізілді. Сабаққа қатысу, сол пән бойынша кесінді бақылау жұмыстары алынып, білім сапасымен салыстырылды. Пәндік бақылау қорытындылар мектеп басшысы жанында отырыста қаралды. Осылайша мұғалімдерге төмендегідей ұсыныстар берілді:
1. Сабақ берудің жаңа технологиясы негізінде құрастырылған сабақтың әр бөлімі, әр бөлігі, тақырыбы бойынша «білу – түсіну – қолдану – тұжырымдау» жүйелі деңгейлік тапсырмаларымен жұмыс жасауды күшейту.
 2. Сабақта практикалық-шығармашылық тапсырмаларды, әртүрлі форматтағы тест жұмыстарын, стандартты емес жағдайларда білімді пайдалануға негізделген, қызықты тапсырмалар орындау.
 3. Белсенді оқыту стратегияларын пайдалануды мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуға бағыттап, үйрету.

Мәліметтерден әкімшілік пен пән мұғалімдерінің білім сапасын арттыру бойынша, оқу үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстың тиімділігі бар екені байқалады.

Білім сапасын төмендеудің алдын алу үшін 5-сыныптардың буын сабақтастығы мектепшілік бақылауда болды. 5 сынып оқушыларының ата-аналармен тоқсан сайын жиналыс өткізіліп, оқушылардың бейімделуіне байланысты ата-аналарда көмек көрсетілді. 5 сынып ата-аналары өте ұйымшыл, оқушылардың үй тапсырмасын орындауын әрдайым қадағалап, орындауға көмектесіп отыратындықтары айтылды. Оқушылардан сауалнама алынды, қазақ әдебиеті, математика, орыс тілі, музыка пәндерін ұнатады. Қазақстан тарихы мен дүниежүзі тарихы жаңадан қосылған пән болған соң пән

мұғалімі Нағашыбай Е.С. жеке тапсырмалар беріп, оқушыларға пәннің маңыздылығын түсіндіру арқылы сабақта әр түрлі әдіс-тәсілдермен топтық, жұптық жұмыстар жүргізілуде.

Басқарушылық қызметтің негізгі міндеті әкімшілік тарапынан мемлекеттік білім беру стандарттары талаптарының орындалуына бақылау жасау болып табылады. Бақылау мектеп жұмысының жоспары негізінде сабақтарға қатысып, пәндік бақылау жүргізу арқылы жүзеге асырылды. Бақылау қорытындылары бойынша аналитикалық материалдар құрылды. Мектепшілік бақылау қорытындылары талданып, әкімшілік кеңестерде, директормен өткен отырыстарда талқыланды.

III. Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау.

Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мен үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс бойынша педагогтарға ұсыныстар берілді:

- білім алушының артта қалу себептерін, оның оқу жетістіктерінің деңгейін және біліміндегі олқылықтарды анықтау;
- жеке қолдау көрсету үшін білім алушының қажеттіліктерін зерделеу;
- жеке тапсырмаларды таңдай отырып, оқытудың жеке жоспарын әзірлеу;
- жүйелі кері байланысты ұйымдастыру;
- пән мұғалімдері пән бойынша білім алушылардың білімін толықтыру мақсатында жоспарлар құру.

Саралау арқылы оқушы біліміндегі олқылықтарды уақытында жою мақсатында сабақта өздігімен жұмыс жасауды ұйымдастыру үшін саралау тәсілін қолдану ұсынылды. Атап айтқанда, сабақтарда Ж.Қараев технологиясының деңгейлеп оқытуға сатылап көшуге шешім қабылдады.

Педагог қызметінің күшті жақтарын өзектендіру, кәсіби қызметте туындайтын проблемалық жағдайларды сенімді еңсеру үшін әдіскерлер мен педагогтердің бірлескен жұмысына ықпал етті. *Педагогтерге әр түрлі әдістемелік мәселелерді, ынтымақтастықты шешуде жан-жақты көмек көрсету, бір жағынан кәсіби өсу мен құзыреттілік жағдайларын және екінші жағынан мұғалімдердің қажеттіліктерін, мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында әр айдың бірінші аптасында семинарлар, коучингтер жүргізілді.* Қорытынды ұсыныс:

- Зерттеушілік тәсілдерді қолдану;
- Стейкхолдерлерді тарту;
- Педагогтарды әдістемелік қолдау.

МІБ жоспары бойынша кесінді сынама бақылау бойынша төмендегідей жұмыс түрлері ұйымдастырылды:

Мұғалімдермен жұмыс.

- Халықаралық зерттеулердің тапсырмаларын қолдану, бақылау және пайдалануды талдау. Мектептің әдістемелік кеңесінің отырысында мониторинг жасау және талдау нәтижелерін қарау

- Функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған тапсырмалар базасын қалыптастыру.

Оқушымен жұмыс.

- Білім деңгейі жоғары оқушыларды тарту, үлгерімі төмен оқушыларға тьюторлық қолдау көрсетуді ұйымдастыру
- Дарындылар базасынан барлық оқушылардың белсенділігін талдау, белсенділіктің төмендігінің себептерін анықтау;

Ата-анамен жұмыс.

- Ата-ананы жауапкершілікке тарту.
- Сынып пен мектептің тәрбие жұмысына ата-аналар мен ата-аналар комитетінің қатысуын арттыру.

Оқу сауаттылығы бағыты бойынша білім алушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін арттыруда келесі дағдыларды жетілдіру ұсынылады:

- ✓ мәтіннен қажетті ақпаратты толық ала білу;
- ✓ карама-қайшы берілген ақпарат негізінде жеке шешім қабылдау дағдыларын көрсету;
- ✓ карама-қайшы ақпаратты, оқырманның болжамдарына сәйкес келмейтін мәтінді түсіну;
- ✓ мәтіндегі ойдың астарын түсіну және оқырмандық интуицияны пайдалану;

Математикалық сауаттылық бағыты бойынша білім алушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін арттыруда келесі дағдыларды жетілдіру ұсынылады:

- ✓ күрделі білім мен дағдыларды дұрыс жаңғыртау және қолдану;
- ✓ күрделі модельдер мен идеяларды жаңа жағдаяттарда қолдану;
- ✓ күрделі мәтіндердің мәнін түсіну;
- ✓ жаңа жағдаяттарда өз бетінше іс әрекеттерді орындау;
- ✓ екі немесе одан да көп кезеңдерден тұратын тұжырымдар жасау.

Жараталыстанушылық-ғылыми сауаттылық бағыты бойынша білім алушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін арттыруда келесі дағдыларды жетілдіру ұсынылады:

- ✓ ұсынылған зерттеу нәтижелері бойынша қорытынды жасау
- ✓ деректерді интерпретациялау және тиісті қорытынды жасау
- ✓ әртүрлі формада ұсынылған ақпарат көздерінен қажет деректерді табу (кесте, график, диаграммалар, схема, карталар)

- ✓ әтүрлі көздерден алынған ғылыми дәлелдер мен дәлелдердің дұрыстығын бағалау

Педагогтардың оқудағы үлгермеушіліктердің алдын алу бойынша жұмыс жүйесінің екінші маңызды буыны – оқу процесін сауатты ұйымдастыру. Бастапқы деңгейде мұғалімдер келесі жұмыс түрлерін пайдаланады:

- 1) Ұзақ тақырыптар бойынша жеке және топтық сабақтар немесе белгілі бір оқу іс-әрекеттерін бекіту;
- 2) Қайталап қайталау және білім мен дағдыны бекіту;
- 3) Оқушылардың қызығушылығын ояту және табысқа жету;
- 4) Жалпы оқу іс-әрекетіне, оның ішінде жеке пәндерді оқуға деген қызығушылықты қалыптастыру;
- 5) Оқушылардың ата-аналарының үлгеріміне байланысты мәселелерді шешуге белсенді қатысу, бірақ шағымдар мен шағымдарды қолданбай, бірақ мақсатқа жету үшін нақты іс-әрекеттер шеңберін анықтау.

IV. Оқу – зерттеу қызметі.

2024-2025 оқу жылында білім алушылардың офлайн байқаулардан жетістері аз болуынан) бұл бағыт бойынша жұмыс әлсіз болғаны анықталды. Ағымдағы оқу жылының қыркүйек айында оқушыларды мектеп, қалалық олимпиадасына дайындауда мұғалімдер жұмысының тиімділігі талқыға салынды. «Мұрагер» оқушылар ғылыми қоғамы құрылды. Ғылыми жобаны рәсімдеу, қорғау және таныстыру материалдарын дайындау жұмыстарының жүргізу тәртібі қаралды. Олимпиада резерв мектебі, атап айтқанда дарынды балалармен жұмысы жолға қойылды.

2024-2025 оқу жылындағы олимпиада резерв мектебі, атап айтқанда дарынды балалармен жұмыс нәтижесі ретінде төмендегі жетістіктер тақтасы дәлел бола алады:

	қалалық	облыстық	республикалық	халықаралық
пәндік олимпиадалар, ғылыми жарыстар, ғылыми жобалар, зияткерлік байқаулар		4	1	0

V. Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау.

Педагогикалық ұжым қызметінің бірден-бір басты мақсаты білім беру сапасын қамтамасыз ету болып табылады.

Білім беру сапасы педагогикалық құрамның сапасымен анықталуда. Педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы «ҚР жалпы білім беретін мектептер қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы» Ережеге сәйкес келеді, оқыту-тәрбиелеу үдерісін нәтижелі түрде жүзеге асырып, педагогикалық шеберлікті дамытумен айналысуға мүмкіндік береді. Білім сапасын арттыруда педагогтерді үздіксіз дамытуда мектеп бойынша мынанда жобалармен жұмыс жасадық:

- «Оқуға құштар мектеп»
- «Қызық сабақ»
- «Виртуалды педагог»
- «Педагогикалық идея»

2024–2025 оқу жылы барысында №8 жалпы білім беретін мектебіндегі педагогтарыдың білім беру сапасын арттыру, жаңашыл тәжірибе енгізу мақсатында бірнеше маңызды жобалар мен байқауларға қатысты:

- Виртуалды сабақ жобасы аясында цифрлық платформаларды тиімді қолданып, онлайн-оқытудағы тәжірибелерін ортаға салды;

1. Абишев Нұрсұлтан Алдабергенұлы
2. Үсен Таңшолпан Талғатқызы
3. Қуанышбек Рахат Асхатұлы

Цифрлық технологияларды қолдана отырып, заманауи оқыту үдерісін жетілдіріп, мұғалімдер әдістемелік шеберлігін арттырып, онлайн форматтағы тиімді сабақ үлгісін көрсетті.

- «Қызық сабақ» шығармашылық жобасына қатысып, оқушылардың қызығушылығын оятатын әдістемелік тәсілдермен бөлісті;

1. Оспанова Құралай Жумадилова
 2. Шубай Ақжол Кеңгірбайұлы
 3. Бахытова Дәметкен Болатқызы
- «Қызық сабақ» жобасының тиімділігі:

1. Оқушының қызығушылығын арттырды
2. Белсенді оқу үдерісі қалыптасты
3. Шығармашылық қабілетті дамытты
4. Сабақ сапасы мен тиімділігі арттырды
5. Оқу мотивациясын жоғарылады
6. Пәнге деген сүйіспеншілік оянды

Қызықты формада өткен сабақтар оқушының пәнге деген көзқарасын өзгертті. Жалпы, «Қызық сабақ» жобасы — білімді меңгертудің тиімді әрі шығармашылық тәсілі.

2024-2025 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысы

2024-2025 оқу жылындағы жұмыстар Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат»

атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды тапсырды. Осыған орай 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғамды қалыптастыратын адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлес қосқанда ғана мүмкін болады.

Озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы қажет. Осыған орай жастарды тәрбиелеу «Адал азамат» идеясымен үндеседі. Бұл балалар мен жастардың бойында әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді.

Ал, «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құру мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп құндылықтарын дамытуды қажет етеді.

«Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады.

Демек, қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеу «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» үштағанымен сабақтасады. Бұл әрбір азамат өзінің маңыздылығын, жауапкершілігін және ортақ іске қосқан үлесін сезінетін әділетті, дамыған және инновациялық қоғам құруға мүмкіндік береді.

Аталған идеялар мен құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

тәуелсіздік және отаншылдық

бірлік және ынтымақ
әділдік және жауапкершілік
заң және тәртіп

еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Сондықтан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

«№ 8 ЖОББМ»КММ -де 1 қыркүйек білім күні мерекесінде өткізілген білім сабағы болып өтті. Білім сабағын өткізуге арналған іс-шаралар жоспары жасалынды.

- 1-4 класс оқушылары үшін «Мектеп-мейірім мекенім»
- 5-11 класс оқушылары үшін «Менің Отаным-Қазақстан»

Мектепке жол акциясы

Әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасы балаларына қолдау көрсету мақсатында дәстүрге айналған «Мектепке жол» республикалық акциясы өткізілуде. Акция еліміздің барлық өңірлерінде ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында өтеді. Акцияның мақсаты: жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету; баланың әлеуметтік себептер мен мектепке келмейқалуының алдын алу; жетім балаларға, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көпбалалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына нақты көмек көрсету болып табылады.

Осы мәселе бойынша мектебіміздің ұстаздары ауылымыздың көп балалы отбасына оқу құралдарын алып берді.

<https://www.facebook.com/share/p/1Fec3b16wz/?mibextid=wwXIfr>

2024-2025 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысы

Мақсаты: Балаларды ең бастысы, ұлттық құндылықтарға бай, тіліне, дініне, тарихына, әдебиеті мен мәдениетіне, салт - дәстүріне берік, рухы мықты, танымы мен тағылымы кең тұлға ретінде қалыптастыру.

2024-2025 оқу жылы. Сынып жетекшілердің кадрлық құрамына мінездеме.

№	Аты-жөні, тегі	Мамандығы	Сыныбы	Пед. стаж	Категория
1	Жаңбырбай Келбет Тұрсынқызы	Даярлық сынып жетекшісі	0	9ж	Педагог-модератор
2	Абдисадық Кәмшат Ерболқызы	Бастауыш мұғалімі	1	1 ж	
3	Аманова Бағдагүл Нұрланқызы	Бастауыш мұғалімі	2	3 ж	
4	Тулеубаева Мадина Абдисадыққызы	Бастауыш мұғалімі	3	13ж	Педагог-модератор
5	Отешова Жанар Дукенбаевна	Бастауыш мұғалімі	4	17ж	Педагог-сарапшы
6	Қуанышбек Рахат Асхатұлы	Дене шынықтыру пәні мұғ	5	1 жылға	
8	Оспанова Куралай Жумадиловна	Биология пәнінің мұғ	8	20 ж	Педагог-модератор
9	Асанханова Жанна Сериковна	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғ	9	18ж	Педагог-модератор
10	Үсен Таңшолпан	Орыс тілі пәні мұғ	10	1 ж	
11	Орынбаева Айдана	Математика пәні мұғ	11	1ж	

«№ 8 жалпы білім беретін мектебі» КММ-де 1 қыркүйек - Білім күні мерекесіне арналған “Мектебім - мейірім мекені” тақырыбында салтанатты жиын өткізілді.

Жиынға Егінді селолық округінің әкімі Алмағанбетов Марғұлан Сабырұлы мен ата-аналар қатысты.

Салтанатты шара барысында мектеп директорының міндетін атқаушы Жайлаубаева Майра Ажібекқызы білім күні мерекесімен құттықтай отырып, өткен оқу жылындағы жетістіктерге тоқталды. Сонымен қатар, мектеп табалдырығын аттағалы отырған 1-сынып бүлдіршіндерінің қадамдарына сәттілік тіледі.

<https://www.facebook.com/share/v/17SpNwrA7Q/?mibextid=wwXIfr>

«Мектебім – мейірім мекені» тақырыбы аясында "Мен үшін қымбат - мектебім!" ,

" Менің жеткен жетістіктерім" атты 2-7 сынып білім алушылардың дайындаған видеоролигін ТАМАШАЛАҢЫЗДАР!.

<https://www.facebook.com/share/p/19QP73DJqZ/>

Мектебімізде "Біртұтас тәрбие "бағдарламасы аясында Апта дәйексөзі " Білім- қымбат қазына, қанағат тұтпа азына" Жаңа оқу жылы құтты болсын!

<https://www.facebook.com/share/p/1A8fBiDKgC/?mibextid=wwXIfr>

МЕНІҢ ОТАНЫМ-ҚАЗАҚСТАН

"№8 ЖББМ"КММ-де даярлық сынып, 1-10 сынып оқушылары үшін ерекше күн.Себебі,барлық сыныптарда "Менің Отаным-Қазақстан" тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

Мақсаты: Жас ұрпақты Отанын сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту;

Отанын, туған жерін қорғай білуге, халқымыздың талантты ақындарының өлеңдері мен ата - бабаларымыздың өнеге етіп қалдырған даналық сөздері арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, атамекенін көздің қарашығындай сақтай білуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу; Ойларын жүйелі түрде жеткізе білу,, шығармашылықпен жұмыс жасап, мәнерлеп өлең оқып, мағынасын түсіне білу дағдыларын дамыту....

<https://www.facebook.com/share/v/1D88Fr9X8s/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/p/1Budygh8LP/?mibextid=wwXIfr>

" №8 ЖБББ"КММ-де Оқу аптасы Қазақстан Республикасының Әнұранын орындаудан басталды.

"Менің Отаным- Қазақстан" - оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының әнұраны орындалды.

<https://www.facebook.com/share/p/17xh5NH3Cd/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/v/1C8H5qbtvG/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/v/15vhnQjTqX/?mibextid=wwXIfr>

"Мектепке жол " жалпыреспубликалық акция барысында, «Ауылдағы ағайының балаларына» қайырымдылық акциясы аясында «DAULETTEN ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЫ» жеке қорының атынан көп балалы және аз қамтылған отбасының екі баласына оқу құралдары салынған рюкзактар табыс етілді.

Сонымен қатар мектеп ұжымы 2024 жылдың 1 тамызынан бастап "Бар жақсылық - балаларға!" ұранымен өтуде. "Мектепке жол" акциясына мектебіміздің ұстаздары 2 оқушыға сумка оқу құралдарымен берілді

<https://www.facebook.com/share/p/1CwYivQ2C1/?mibextid=wwXIfr>

05.09.2024ж. күні №8 жалпы білім беретін мектебінде 1-11 сыныптар арасында 5 күн бойы - Тіл мерекесіне арналған “Тіл-достықтың дәнегі” атты апталықтың ашылуы өтті.

Мақсаты:оқушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, қазақ тілінің мәртебесін көтеру, ана тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың өсиетін ұран ету.

Шара барысында оқушылар А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына шолу жасай отырып, үш тілде жыр шумақтарын оқыды.

<https://www.facebook.com/share/p/1D6FYsKQLX/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/p/17eARfpELE/?mibextid=wwXIfr>

"БҰРЫМДЫ ҚЫЗ" челленджі

"Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында “Бұрымды қыз” челленджі ұйымдастырылды.

МАҚСАТЫ: Қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, ептілік, көріктілік, инабаттылық, кішіпейілділік, сұлулық т.б. жан-жақты

ұлттық қасиеттерін таныта білу, қазақ халқының ұлттық өнерін, салт –дәстүрін дәріптеуге үйрету, оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілетін, эстетикалық талғамын , шеберлігін дамыту, көпшілік алдында өзін ұстай білуге, мейірімділікке тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/1adydcgQG5/?mibextid=wwXlfr>

<https://www.facebook.com/share/v/1FXmaS3t2r/?mibextid=wwXlfr>

МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТИ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫ

№8 жалпы білім беретін мектебінде

"Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында "Мектеп парламенті" фракция жетекшілері "Бұрымды қыз" челленджін ұйымдастырды.

<https://www.facebook.com/share/v/17FzYbKefn/?mibextid=wwXlfr>

Челлендж ұйымдастырушылар: Гайпбай А, Кеңгірбай А Асанханова Ж.

<https://www.facebook.com/share/p/1BDsCgxG2a/>

Мектебімізде "Біртұтас тәрбие "бағдарламасы аясында қыркүйек айының 2-ші аптасының дәйексөзі " Жанұям-қорғаным , ата-анам- тірегім!"

<https://www.facebook.com/share/p/19epvku7qR/>

2024-2025 оқу жылында 9 қыркүйек «Қазақстан халқы тілдері күні» мерекесіне орай «Тіл – ұлттың жаны» атты тілдер апталығы аясында қазақ тілі мен орыс тілінде ,ағылшын тілінде "Үш тілді білу-елге үлгі болу " тақырыбында оқушыларға викториналық сұрақтар қойылды .

Мақсаты: Оқушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін ояту.

<https://www.facebook.com/share/p/1HhneeM153/?mibextid=wwXlfr>

“ Үлгілі сынып” челленджіне қатысушы 5 сынып.

Сынып жетекшісі : Утепбергенова М, Жаңбырбай.К, Оспанов Б,

<https://www.facebook.com/share/p/1AaTJcsJGV/?mibextid=wwXlfr>

Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы "№8 ЖББМ" КММ ДОТІЖО М.Ж.Мұсабек 5-10 сынып оқушыларына “Бірлік және ынтымақ” құндылығына байланысты “Буллингке жол берме” тақырыбында түсіндерме және тәрбие жұмыстарын жүргізді.

Мақсаты: Қоғамда орын алып отырған жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию секілді жағдайлардың алдын алу;

Оқушылардың буллинг, кибербуллинг туралы жалпы түсінігін қалыптастыру арқылы жауапкершіліктерін арттыру, өзара сыйластық қарым-қатынасын орнату.

<https://www.facebook.com/share/v/1KqjXLeto9/?mibextid=wwXlfr>

"Асыл сөзді іздесең Абайды оқы таңырқа" Абай Құнанбаевтың туғанына 180 жыл толуына орай "Ұлы халықтың - дана Абайы" атты мәнерлеп оқу челленджі

№ 8ЖББ мектебінде педагог-психологОспанова Қ және әлекметтік педагог Аманова Б.Зорлық зомбылық туралы не ойлаймын- сауалнамасын жүргізілді.

Мақсаты:Бұл сауалнама жасырын түрде, балалардың құқығын қорғаулағыроблемаларды анықтап және осы мәселе бойынша балалардың көзқарасын білу.

<https://www.facebook.com/share/p/1Gu8Z9GRW7/?mibextid=wwXlfr>

23 қыркүйек күні мектебіміздің Өзін-өзі басқару ұйымының белсенділері мен

мектеп тәлімгері Асанханова Ж.С. Ұстаздар күні қарсаңында өтетін “Дублёр күніне” дайындықты бастады.

<https://www.facebook.com/share/p/17vmEfN1Qv/?mibextid=wwXIfr>

2024 жылы 21 қараша күні мектебімізде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасы аясында «Оқушы, ата-ана, ұстаз тиімді қарым қатынас» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Ата-аналарға қызықты ойындар ойнатылды, сұрақтар қою арқылы еркін пікір алмасу ұйымдастырылды.

Күн тәртібінде:

1. Кіріспе сөз. Мектеп директоры К.Жаңбырбай

2. Кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу және оқыту мәселелері және психикалық адамгершілік-рухани дамуына ата-аналардың жауапкершілігі.

ДТЖЖО М.Мұсабек, педагог-психолог К.Оспанова

3.Әр-түрлі мәселелер.

Мақсаты: Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру. Оқу-тәрбие үрдісіндегі міндетті жүзеге асыру үшін белсенділігін көтеру және отбасы мен мектеп арасындағы байланысты күшейту.

<https://www.facebook.com/share/v/1MNHcaptvA/?mibextid=wwXIfr>

мектебімізде 2024-2025 оқу жылының аяқталуына орай жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиын барысында білім беру процесіне, оқушылардың қауіпсіздігіне және жан-жақты дамуына қатысты бірқатар өзекті мәселелер қаралып, ата-аналармен ашық пікір алмасу болды.

Жазғы демалыс – балалар үшін демалып, күш жинайтын кезең болса да қауіпсіздік ережелерін сақтау өте маңызды. Мектеп әкімшілігі ата-аналарға жазғы уақытта балалардың суға шомылу, жолда жүру, өрт қауіпсіздігі, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас сияқты жағдайлардағы қауіпсіздік шараларын ескертті. Баланың әр әрекетіне ата-ана тарапынан қадағалау қажеттігі баса айтылды.

2024-2025 оқу жылының аяқталуы – оқу жылының қорытындысы, оқу жетістіктері, аралық және қорытынды аттестаттау туралы ақпараттар ұсынылды.

<https://www.facebook.com/share/p/16eYaQ8Meh/?mibextid=wwXIfr>

Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, “№8 жалпы білім беретін мектебі”КММ Біртұтас тәрбие бағдарламасының 2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жоспарына сай, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қоғамда, өскелең ұрпақ арасында мейірімділік, қамқорлық сезімін қалыптастырып, достық пен бірлікті нығайту және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру мақсатында Республика күніне орайластырылған “Қамқор” жобасы аясында “Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!” акциясы өтуде. Акция аясында сынып жетекшілер мен 5-11 сынып оқушылары мектеп ауласындағы тұрмыстық қатты қалдықтар тазаланып, сенбілік ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/1GjTknaUif/?mibextid=wwXIfr>

“№8 жалпы білім беретін мектебі”КММ тәлімгері Ж.Асанханова мен педагог ұйымдастырушы Б.Оспанов біртұтас тәрбие бағдарламасының жоспарына сәйкес “Арайлы алтын күз” жәрмеңкесін өткізді. Аталған жәрмеңке мектебімізде ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларды еңбекке баули

отырып, адалдыққа тәрбиелеу..

<https://www.facebook.com/share/p/1BtP7BtRbL/?mibextid=wwXIfr>

РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВ - РЕЙХСТАГҚА ТУ ТІККЕН ҚАҺАРМАН!

Халық қаһарманы Р.Қ.Қошқарбаевтың 100 жылдық мерейтойына орай 2024 жылдың 14 қазанында “Рахымжан Қошқарбаев Рейхстагқа тігілген ту” тақырыбында 1-4 сыныптарда сынып сағатын өтті. Сынып сағатының мақсаты оқушыларға Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі батырлардың ерлігін түсіндіру. Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігі арқылы патриоттық сезімдерін арттыру.

<https://www.facebook.com/share/p/1FoMVytZEW/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/p/15SUmKFeQHr/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/p/17i3xg3ezK/?mibextid=wwXIfr>

"№8 жалпы білім беретін мектебі"КММ 2024 жылдың 13 қыркүйегінде мектеп тәлімгері Ж.Асанханова және 1-4 сынып оқушыларының қатысуымен " Жол қауіпсіздігін сақтаймыз" жедел профилактикалық жадынамалар тарату жұмыстары жүргізілді.Оқушылар ауыл тұрғындарына жолда жүру ережесі туралы жадынама үлестірді.

Бұл шараның мақсаты -жолда жүру қауіпсіздігін сақтауға дағдыландыру, балалардың жарақат алуы мәселелеріне жүргізушілердің ата аналар мен мұғалімдердің назарын аудару.

<https://www.facebook.com/share/p/17vGkaoXaT/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/p/17EP4Ab6zs/?mibextid=wwXIfr>

БУЛЛИНГ пен КИБЕРБУЛЛИНГ - ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ.

«№ 8 ЖББ» КММ ДТІЖО М.Ж.Мұсабек және педагог-психолог К. Ж. Оспанова «Буллингтен қорған» тақырыбында 5-11 сынып оқушыларына бейнеролик көрсетіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, сауалнама алды. Мақсаты: «Буллинг» сөзінің мағынасын ашу, таныту;

Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу; Сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/1Cy8Ee1pYi/?mibextid=wwXIfr>

25 қазан Республика күніне орай №8 жалпы білім беретін мектебінің өнерлі-әнші 0-9 сынып оқушылары арасында “Патриоттық ән байқауы” өтті. Байқаудың мақсаты- Отанды шексіз сүйге тәрбиелеу,өз елінің нағыз патриоты болуға шақыру,өнерлі жастарды дәріптеу болып табылады. “Өнерлі өрге жүзер” демекші, қатынасушылар өнерімен танылып қана қалған жоқ, ұлттық рухтың биіктігін көрсете білді.

Байқау қорытындысы бойынша:

Бас жүлдені - 6-сынып;

I-орын 8,9-сынып;

II-орын 3-сынып;

III- орын 1-сынып.

Ұйымдастырушылар: М.Ж.Мұсабек, сынып жетекшілер.

<https://www.facebook.com/share/p/1H878o21WF/?mibextid=wwXIfr>

#Бейімбетізімен

11-15 қараша аралығында білім беру ұйымдарының педагогтері арасында қазақтың көрнекті жазушысы, ақын, драмашы, қазақ әдебиетін

калыптастырушы Б. Майлиннің 130 жылдық мерейтойына арналған " Бейімбет ізімен " тақырыбында төл әдеби туындылар челленджі өтті. Осы челленджге мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Асанханова Жанна Серікқызы және ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Үсен Таңшолпан қатысты.

Челлендждің мақсаты: Б.Майлиннің шығармашылығын, мол мұраларын дәріптей отырып, білім беру ұйымдарындағы талантты, шығармашыл педагогтерді анықтау, қолдау көрсету

<https://www.facebook.com/share/v/1DS3eAr6zB/?mibextid=wwXlfr>

<https://www.facebook.com/share/v/1AN25AJKi6/?mibextid=wwXlfr>

Мектебіміздің 5-6 сынып оқушыларымен Қазақстандағы Ұлттық валюта күніне арналған сынып сағаты өтті. Қазақстанда 15 қараша – Ұлттық валюта күні ретінде атап өтіледі. Бұл күн – 1993 жылы қазақстандық теңгенің ресми түрде айналымға енгізілген күнімен байланысты. 1993 жылдың 15 қарашасында Қазақстан өз валютасы – теңгені қолданысқа енгізіп, рубльден бас тартты. Осы күннен бастап еліміз өз валютасын басып шығарып, тәуелсіз экономикалық саясат жүргізуге мүмкіндік алды. Қазақстан теңгесінің өз тарихы осы кезеңнен басталды.

Сынып сағатының мақсаты – оқушыларға теңгенің даму тарихы мен алғашқы банкноттар жайлы ақпарат беру, ұлттық валютаның маңыздылығын түсіндіру және оны құрметтеу сезімін қалыптастыру.

<https://www.facebook.com/share/v/1Cybf9QsGJ/?mibextid=wwXlfr>

15-ҚАРАША ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ

Қазақстанда 15 қараша Ұлттық валюта – теңге күні және еліміздің қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі ретінде атап өтіледі. 1993 жылдың дәл осы күні тәуелсіз Қазақстанның ұлттық валютасы — теңге ресми түрде айналымға енгізілді. Бұл күн ел тарихында экономикалық тәуелсіздіктің маңызды символдарының бірі ретінде ерекше орын алады.

1-4 сыныптар арасында 15-қараша "Ұлттық валюта күні" сынып сағаты өткізіліп, оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

<https://www.facebook.com/share/v/1Bj4hKf6cY/?mibextid=wwXlfr>

№8 ЖББ мектебінде педагог-психолог және әлеуметтік педагог Зорлық зомбылық туралы не ойлаймын- сауалнамасын жүргізілді. Мақсаты:Бұл сауалнама жасырын түрде, балалардың құқығын қорғаулағыроблемаларды анықтап және осы мәселе бойынша балалардың көзқарасын білу.

<https://www.facebook.com/share/p/16FG17wiaS/?mibextid=wwXlfr>

Адал азамат- Адал еңбек- Адал табысKZ

“№8 жалпы білім беретін мектебі” КММ 10 сынып жетекшісі Үсен Таңшолпан “Біртұтас тәрбие" бағдарламасының жоспары негізінде “Еңбегі адал, жас өрен” жобасы аясында "Адал азамат- Адал еңбек- Адал табыс" тақырыбында 10 сыныпқа сынып сағатын өткізді.

Сынып сағатының мақсаты: Білім алушыларды адал еңбек етіп, адал табыс табуға үйрету. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерін сіңіре отырып, тағылымды тәрбие мен адалдық қасиеттерін ұғындыру. Адам еңбегін бағалай білуге, еңбек адамдарын сыйлай білуге тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/1FtWWCWJPx/?mibextid=wwXlfr>

“Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну”

“Біртұтас тәрбие” бағдарламасы аясында күнделікті атқарылатын шаралардың бірі “Үнемді тұтыну”. Ұзақ қоңырауда 4 сыныптың сынып жетекшісі Ж.Д.Отешова оқушыларымызға "Судың да сұрауы бар" тақырыбында суды қалай үнемдеу керектігі туралы бейнеролик көрсетіп, түсіндірме жұмысын жүргізді.

Ырыс пен береке халқымыздың ежелден келе жатқан ұғымы. Бүгінгі таңда бұл принцип тек экономикалық ресурстармен шектелмей, экологиялық жауапкершілікке де ұласып отыр. Дамыған елдерде жарық, су және энергия ресурстарын үнемдеп пайдалану — жоғары деңгейдегі қоғамдық мәдениеттің белгісі.

<https://www.facebook.com/share/p/1BxrL3VFeK/?mibextid=wwXIfr>

ата-аналарды педагогикалық_қолдау

Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігі апталығы аясында "Ата-аналарды педагогикалық қолдау" орталығы жанынан “Даналық мектебі” жұмыс жоспарына сәйкес тәлімгер Ж.С.Асанханова “Шебер әже-ісі бізге өнеге” атты ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу үшін кездесу кешін ұйымдастырды.

